

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ УӘЗІРЛІГІ

ӘЖІНИЯЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ КАФЕДРАСЫ

Қазақ тілі және әдебиеті бакалавр тәлім бағдары

4 курс студенті

Алимбетова Ақжібектің

БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ

**Оқушыларды морфологиялық талдауға жаттықтыру
жұмыстары**

Ғылыми жетекші:

ф.ғ.д.,проф. О.Доспанов

асс. Ы.Құттымұратова

Кафедра меңгерушісі:

ф.ғ.к. Ш. Құдырова

Нөкіс- 2012 ж

Бітіру мамандық жұмысы Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының 2012-жыл « » дегі № протоколымен қорғауға ұсынылды.

Филология факультетінің деканы:	ф.ғ.к.,доц. Г.Қурбаниязов
Кафедра меңгерушісі:	ф.ғ.к., доц Ш.Кудьярова
Ғылыми жетекші:	ф.ғ.д., проф. О.Доспанов.
	асс. Ы.Құттымұратова

Алимбетова Ақжібектің «Оқушыларды морфологиялық талдауға жаттықтыру жұмыстары» тақырыбындағы бітіру мамандық жұмысына мемлекеттік аттестация комиссиясы қарарымен «____» балл (« ____» %) қойылды.

«_____»_____ 2012-жыл

МАК хаткері:

Г. Шарибаева

Автордың аннотациясы

Кіріспе

I ТАРАУ

1. Оқушыларға морфологиялық талдауды үйрету жолдары

1.1. Талдау әдістерінің мазмұны

1.2. Оқушыларды сөзжасамдық талдау үлгілеріне жаттықтыру

II ТАРАУ

2. Сөз табына қатысты морфологиялық талдау

2.1. Есім сөздерді морфологиялық талдау ерекшеліктері

2.2. Етістіктің өзіндік ерекшелігін талдау жолдары

2.3. Морфологиялық талдауға байланысты сабақ үлгісі

Қорытынды

Пайдаланған әдебиеттер

Автордың аннотациясы

Тақырыптың көкейтестілігі: Сөз, оның морфологиялық ерекшеліктері грамматика саласына қатысты мәселе. Сөздің морфологиялық жүйесін талдауда сөз құрамының ерекшеліктерін, сөз табына қатысты есімді және етістікті ерекшеліктерді талдауға түсінік беру мақсат етілді.

Сөз құрамы ерекшеліктерін талдаудағы сөз құрамы жүйесін меңгеруге тиісті мәселелер, тапсырмалар, оны талдаудағы талаптар көрсетілді.

Есім сөздердің құрамдық және сөз табылық ерекшеліктерін қатар талдау әдістері, етістіктің сөз табылық ерекшеліктері мен қатар салыстыра талдау жүйесі көрсетілгендіктен тақырып көкейкесті болып есептеледі.

Жұмыстың мақсаты мен міндеттері: Жұмысымыздың негізгі мақсаты сөздің морфологиялық ерекшеліктерін қатар талдау әдістерін оқытуда оқытушы шеберлігін көрсете білу. Бұған ерісу үшін төмендегі мәселелер көрсетілді:

- морфология жайлы түсінік.
- сөздердің морфологиялық ерекшеліктерін талдау жүйесі туралы түсінік.
- сөз құрамы, оның ерекшеліктерін талдауды үйрету.
- есім сөздердің құрамдық ерекшеліктерін талдау әдістері.
- есім сөздердің сөз табылық ерекшеліктерін қатар талдау әдістері.
- етістіктің сөз табылық ерекшеліктерін талдаудағы өзгешеліктер, жетіскендіктер.

Міне, осы айтылғандардың бәрі де жұмысымыздың негізгі бөлімінде толық зерттеу жасалды.

Зерттеудің объекті мен предметі. Зерттеу объекті етіп қазақ тілінің морфология тарауындағы сөздің морфологиялық ерекшеліктерін талдау жайы алынды. Осы жұмысымыз барысында грамматика тарауының

морфология саласын зерттеуде көп еңбек еткен лингвистеріміз К.Аханов, М.Томанов, Н.Оралбаева, Ә.Исабаев т.б. еңбектерінен пайдаланылды. Мысалдар жазушылар шығармаларынан, түсіндірме сөздіктен алынды.

Зерттеу методологиясы мен әдістері. Зерттеу жұмысымызда лингвистика саласына қатысты әр түрлі әдістер, тіл фактілеріне бақылаулар жүргізу, жаңа педагогикалық технологияға сай талдау сабақ түрлері кең сөз етілді.

Зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалықтары. Зерттеудің жаңалығы тақырыптың көкейтестілігіне байланысты. Бұл жұмыста сөздің морфологиялық ерекшеліктерін талдаудағы теориялық мәселелері мен қатар жаңаша сабақ өту әдістері, яғни методикалық жағы да теңдей көрсетіліп берілді.

Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы мен ұсынысы: Бұл мамандық жұмысында морфологияны оқытуға байланысты мәселелер көрсетілді. Сондықтан, бұл жұмыс студенттер, мұғалімдер морфология саласына байланыста сабақ өтуде үлгі ретінде кеңінен пайдалануға болады. Сонымен қатар морфология саласына байланысты теориялық мәліметтер алуда да пайдалануға болады.

Жұмыстың құрылысы мен ізбе-ізділігі: Жұмысымыз кіріспе, үлкен екі тарау, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жалпы көлемі 60 бет.

Кіріспеде жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне, зерттеу объектісіне және сөздің морфологиялық ерекшеліктері жайлы толық теориялық әрі әдістемелік түсінік жасалды.

Тарауларда талдау және оның түрлерінің оқытылудағы маңыздылығын, сөз құрамы ерекшеліктерін, есім сөздердің құрамдық және сөз табылық ерекшеліктерін талдауға, етістіктің сөз табылық ерекшеліктерін талдауға кең түсінік берілді. Сондай-ақ, Морфологиялық талдауға арналған мектеп

бағдарламасынан 6-сыныпқа байланысты бір сабақтық үлгі берілді. Онда талдауға екекше тоқталып, талдау жолдары анық мысалдармен көрсетіліп берілді.

Қорытындыда зерттеуіміздің нәтижелеріне толық тұжырым жасалды. Тақырыпқа байланысты өз ұсыныс, пікірлерімізді білдірдік.

Ғылыми басшы:

ф.ғ.д. порф. О.Доспанов.

Асс. Ы.Құттымұратова

Студент:

А.Алимбетова

Кіріспе

«Оқытушы балаларымызға заманагөй білім берсін деп талап қыламыз. Бірақ заманагөй білім беру үшін, алдымен тәрбиешінің өзі де сондай білімге ие болуы керек.

Әрине, жаңаша пікірлі адамды тек жаңаша адам тәрбиелеуі мүмкін. Біздің қоғамымызда мұғалім – балаларды келешек жөніндегі армандарымен рухтандыру, келешек идеяларды қазірден бастап негіздеуге үйрену үшін, келешекке сенетін және балаларды дәлелді пікірлерімен сендіретін інсан,» - деген болатын Президентіміз И.А.Каримов¹.

Бүгінгі таңда жаңа ақпараттық технологиямен сабақ өткізу үрдіске айналды. Бұл жаңа оқу әдісінің жаңа түрлеріне көңіл бөлініп, оқу процесі жаңа көз-қараспен қарауға мүмкіндік береді. Ана тіліміз- оқушының өмірлік қажетін өтейтін қатынас құралы. Сондықтан мектептерде ана тілін арнаулы әрі негізгі пән ретінде оқытуға ерекше мән беріледі.

Тілден алатын білім көбінесе абстракциялық ережелермен тілдік заңдарға негізделген мәселелерге сүйенеді. Мәселелердің көлемі, балаларға берілетін білім мөлшері олардың жас ерекшеліктерімен, мәселелерді қабылдай білу қабілетімен тығыз байланысты болады. Осы тұрғыдан, грамматикалық, лексикалық, орфографиялық және тіл дамыту материалдарын меңгертудің нәтижеліктері таңдалып оқытылады. Қазақ тілін оқытудың мақсаты- тек баланың сауатын ашу, ана тілі пәнінің ғылыми негізін білдіру ғана емес, сондай-ақ, оларды игі қасиеттерге тілдік қарым-қатынас құралы ретінде қолдана білуге тәрбиелеу.

Оқулықтағы жүйелі білім беру жұмысы тиісті ережелерде басталмайды, баланы сол ереже, түсініктерге қарай жетектейтін тілдік материалдардан

¹ И.А.Каримов. Жоқары мәнауият – жеңілмес күш. Т. 2008. 15-бет

басталады. Оқушы жаттығуларға берілген дидактикалық материалдар бойынша тапсырмаларды орындай келіп, өздері қорытынды шығаратындай кезең басталғанда, жинақталған ережелер беріледі. Сонда олар тосыннан айтылған қағидалар болмай, өздеріне бұрыннан түсінікті, өздері-ақ қорыта алатындай болады. Сондықтан тілден өтілген материалдарды толық меңгертіп, оны тиянақты игерту жолында көбірек қолданылып жүрген өнімді әдістердің бірі жаттығу әдісі.

К.Д.Ушинский: «Оқушылардың сөйлеу қабілеттілігін жетілдіруді ойлаған жетекшілер оларды үздіксіз жаттықтырып отыру керек» - деген.

Ы.Алтынсарин: «Жаттығу мен талдау әдісі оқушыларды білім алуға үйретіп, дүниетанымын кеңейтетін әдіс» - деп есептеген.

А.В. Текучев: «Жаттығуды грамматикадан өтілген теориялық материалдарды талдап түсіндіруді ғана сипаттайтын әдісі деп қарауға болмайды, ол тілден ұйымдастырылған сабақтың өте қажетті бөлімі және айырып қарауға келмейтін тарауы» - деп кең түсінік берген.

Алдымен солардың мазмұнды, дұрыс болу жағын ойлауға тиіспіз. Қалай да олар балаға дұрыс тәрбие нысанасын бағдарлауы керек.

Екіншіден әрбір мысал, үзінді, әңгіме, өлең яғни мәтіндер тіл «стиль» жағынан мүлтіксіз, әдеби тіл өлшемдерін ұстануы тиіс. Сонда олар баланы әдеби тілдің жүйесін меңгертуге, өз тілін дамытуға көмекші бола алады. Мұндағы басты талап- балаға грамматикадан, орфографиядан білім беру кезінде оның тіл мәдениетін де арттыруды көздеу тиіс. Сол үшін оқушылар дұрыс құра алмаған жасанды мысалдардан аулақ болып, әдеби тілдің нормалары бойынша тәрбиеленеді.

Үшіншіден, алынған жаттығу, жазба жұмыс мәтіндері тағы басқа материалдар құрамынан керекті сөздер, дыбыстар, әріптер, грамматикалық тұлғалар, сөйлемдер қатысында жиі кездесетін нысандар болады.

Жаттығу, жазба жұмыстар, талдау, тіл дамыту материалдарының сапасы жақсы болса, қазақ тілін оқытудағы мақсаттың да дұрыс орындалуына қолайлы жағдай жасалады.

Қазақ тілін мектепте оқытуда жаттығу материалдарының сапалы болуына ерекше көңіл аударылу себебінің екі мақсаты бар:

1. Қазақ тілі теориялық курс ретінде емес, негізінде тәжірибелік сабақ ретінде оқытылады. Сондай-ақ, тәжірибелік жұмыстардың тірегі де, мөлшері білім көлемін баянды ететін де «жаттығу мен талдау» деген атпен беріледі.

2. Бағдарлама бойынша мектепте қазақ тілі 1. «Сауат ашу мен тіл дамыту»; 2. «Оқу мен тіл дамыту»; 3. «Грамматика, емле және тіл дамыту» деген тарауларға бөлінеді, яғни тіл дамытуға байланысты жүргізіледі. Сондықтан жаттығу, жазба жұмыстарына мынадай талаптар қойылады:

- Жаттығу, жазу жұмыстарын жүргізу оқушылардың жас ерекшелігіне түсіну қабілетіне сай, балаларға қызықты, тартымды, оларға ой салатындай болуға тиіс;

- Жаттығу, жазба жұмыстарының қай түрін орындауға олар оқушылардың ой-өрісімен тіл байлығын молайтуды қамтамасыз ету қажет;

- Жаттығу, жазба жұмыстарын жүргізудің білімділік мәні болуы тиіс, яғни, салалы білім мен берік машықтануды көздеу керек. Ол үшін дайын ережелерді, жеке тұлғаларды жаттатып, соларды еске түсіретіндей ғана жұмыс жүргізбей, мүмкін болғанша, грамматикалық, фонетикалық, орфографиялық қағидаларды айқындауға оқушыларды белсене қатыстыру, талдау, қорыту жұмыстарына жетектеу керек;

- Жаттығу арқылы баланы ойландыратын, өз бетімен жұмыс істейтін талап, сұрақтар қойып, айтылуға тиісті қорытынды, ережелерді дұрыс талдап, тез түсіндіруге болады.

Сонымен жаттығу әдісі қазақ тілін тәжірибелік жақтан үйрету әдістері бола тұрып, ол тіл заңдылықтарының өзіндік белгілерін меңгертуде үлкен

қызмет атқарады. Сондай-ақ жаттығу жұмыстары қазақ тілі материалдарына орай берілген теориялық білімді бекітуде, дұрыс жазу емлесімен дұрыс сөйлеу өлшемдерін қалыптастыруда және оқушылардың тілін ұстарту, сөйлеу тілін дамыту дағдыларын жүзеге асыруда аса зор септігін тигізеді. Ал, талдау әдісі қазақ тілі материалдарының бір-бірінен айырмашылығын, өзіндік ішкі белгілерін, анықтамасы мен ережелерін қайталап, пысықтап бекіту үшін де қолданылады.

Мектептегі қазақ тілі пәнінен теориялық материалды жақсы ұғынып, алынған білімді бекітіп, оқушының белгілі категория мен тұлға туралы дағдысын қалыптастырудың бірден-бір жолы-сөйлем талдау. Талдау арқылы өтілген тілдік құбылысқа байланысты материалды оқушының құр ережені ғана жаттап емес, саналы түрде қабылдап, түсіне алғаны, алған білімін өз бетінше тәжірибеде қолдана білу дағдысы байқалады. Егер оқушы сөздің морфологиялық құрамын, яғни сөз қандай бөлшектерден тұра алатынын, сөйлем мүшелерінің анықтамалары мен сұрақтарын біліп тұрғанмен, сөйлемді дұрыс талдай білмесе, жекелеген сөздердің морфологиялық құрамын «түбірін, қосымшаларын, түрлерін» анық ажырата алмаса, сөйлемдегі сөздердің байланысына қарай сұрақты дұрыс қоя алмай жатса, оқушының білімі жеткілікті дей алмаймыз. Бұл жерде оқушы мәселенің мәніне түсінбей, құр ережелерді жаттап алған. Демек, сөйлемде грамматикалық жағынан дұрыс талдай білу, тілдік құбылыстардың мәнін оқушының нақты түсінуімен, грамматиканың практикалық жағынан дағдысының қалыптасуымен байланысты.

Қазақ тілінің лексикалық құрамы, дыбыс жүйесі, грамматикалық құрылысы жөнінде оқушылардың білімін жетілдіре түсумен бірге қазақ тілі пәнін оқыту, оқушыларға тәжірибе дағдысын қалыптастыра түсу, яғни теориялық білімін сөйлем талдауда дұрыс пайдалана алу мақсатын көздейді, сөйтіп барып ғылыми грамматиканың тілдік ұғымдарын толық ұғуға, өз

беттерімен-ақ, сөйлемді грамматикалық жағынан толық дұрыс талдауға дайындайды.

Амал не, оқушылардың көпшілігінің білімдері осы талапқа сай келмей жүр. Олардың бір бөлігі сөйлемді дұрыс талдай алмайды, жаттығу, талдауды жетік меңгермегендігін танытып жүр. Сондықтан да оқушыларға талдау үлгісін, сөйлем талдау әдістері мен шеберлігі жаттықтырылуы керек. Оның үстіне әр үлгінің ізімен оқушылар өз беттерімен –ақ сөйлемді грамматикалық жағынан толық, дұрыс талдау жұмысын жүргізу үшін, жаттығу тапсырмалар да беріледі. Сондай-ақ, соңғы кезде оқушылардың білімін байқаудың тестік әдісі жиі қолданылып жүр. Сондықтан да оқушыларды талдауға үйрету кезінде тестік тәсілін де қолдану мақсат етілмек және талдаудың түрліше тәсілдерін жинақтай отырып, оқытудағы талдау жүйесін бір ізге түсіру.

Бұл бітіру жұмысымыз кіріспе, үлкен екі тарау мен қорытындыдан тұрады. Жұмысымыздың кіріспесінде оқушыларға морфологиялық талдау жолдарын үйретуде алдыға қойған мақсатпен міндеттеріміз жайлы сөз етілді.

Бірінші тарауда талдау түрлерінің мазмұны мен сөзжасамдық талдауға тоқталып, оны оқушыларға түсіндіру жолдары, яғни, сөз тұлғасы мен сөз құрамына қарай талдай білуге жаттықтыру жолдары нақты мысалдар арқылы түсіндіріліп берілді.

Жұмыстың екінші тарауы болса, тіл білімінде ерекше орын тұтатын сөз таптарын морфологиялық талдау және оның талдану жолдарын оқушыларға тереңірек үйрету мәселелері сөз етілді. Онда сөз таптарының әрбірінің талдануына өз алдына ерекше тоқтап өтуді мақұл көрдік және зерттеуші тілші-методист ғалымдар пікірлеріне сүйене отырып, бірқанша мысалдар кіргіздік.

Жұмыстың қорытындысында жалпы морфологиялық талдау жолдары бойынша айтылған тілші ғалымдардың пікірлерінен қорытынды шығарып, оларды өз пікірлерімізбен тұжырымдадық.

I Тарау

1. Оқушыларға морфологиялық талдауды үйрету жолдары

1.1. Талдау әдістерінің мазмұны

Талдау әдісі және оның тәсіл, амалдары оқушыларға бағдарлама көлемінде білім беру мақсаттарына негізделетіндіктен, одан жүргізілетін талдаудың түрлері де әрбір сыныпқа және әрбір сабақта өтілген тілдік материалдарға лайықты болады.

Қазақ тілінің қандай тарауын өтуде болмасын, талдау жұмыстары не жазбаша, не ауызша орындалады. Сондай-ақ сыныпта да, үйде де жүргізіледі.

Мұғалім ең алдымен талдаудың мақсатын, түрін анықтайды. Қазіргі кезде мұғалімдердің сабақта қолданып жүрген жаттығу мен талдау жұмыстарының мынадай түрлері бар:

1. Өтілген тілдік материалдарды оқушыларға қайталап жатқа айтқызу арқылы жаттықтыру (емле, ереже т.б.);

2. Өтілген тілдік материалдарға (оқушыларға) мысалдар тергізіп, сол мысалдарды тәжірибелеріне пайдалану мақсатында жаттықтырылады;

3. Әріптердің емлесіне байланысты, қалдырылып қолданған сөздегі орнына тиісті әріптер жаздыру. Мысал: ме...мил...ку... т.б.

4. Түбір сөздер беріп, оған қосымшаларды жаттатып жаздыру. Мақсаты – сөз түрлендіруші мен сөз тудырушы қосымшалардың ерекшелігін таныту:

а) Жаңа сөздер тудырудың амалдарын білдіру мақсатында. Мысалы: жұмыскер, Бақытжан т.б.

ә) Сөйлемдегі қосымшалардың байланысын білдіру мақсатында: көптік-жіктік; ілік-тәуелділік.

5. Жеке әріптерді беріп сөз құрату, бірнеше сөздерді беріп сөйлем құрату, сөйлемдерден қайырым, қайырымдардан мәтін түзу;

6. Бір категорияның грамматикалық белгілерін кестеге талдап жаздыру.

Мысалы: тәуелдеу, септеу (мәтіннен теріп жаздыруға да болады);

7. Сөйлемдер беріп, оны сызбамен жазғызып жаттықтыру. Мысалы:

Септік	1 жақ		2 жақ		3 жақ	
	жуан	жіңішке	жуан	жіңішке	жуан	жіңішке
атау ілік	балам	елім	балаң	елің	баласы	елі

8. Белгілі бір орфографиялық ережеге байланысты сөз ішінен әріптерді, грамматикалық ережеге байланысты қосымшаны немесе сөйлем ішінен сөздерді тастап кетіп, оны оқушыларға таптыртып жаттықтыру. Мысалы: ... кісінеді. ... тоқыды.

10. Мәтіннің ішінен белгілі үйретілген грамматикалық белгілерді теріп жаздыру.

Қандай да бір тілдік категорияны өтуде оның анықтамасын, ережесін, жасалу жолын білу жеткіліксіз. Ол грамматикалық нормаларды түгел меңгеру, игеру болып танылмайды.

Грамматикалық талдау-өтілген тақырыпты оқушыға терең меңгерту мақсатында теориялық білімін іс жүзінде ұштастырып, білім деңгейін анықтау, есте сақтау үшін жүргізілетін жұмыс. Сондықтан баланың білім сапасы көп ретте талдау жасай алу икем дағдыларынан анық байқалып қалады. Демек тілдік талдаудың ғылымдық-танымдық орны ерекше.

Мектепте қазақ тілін оқытуда талдау жұмысына мол орын беріледі. Талдау қазақ тілінен берік те ғылыми білім беру талабын шешуге көмектеседі. Өтілген грамматикалық тақырыптардың анықтамасы түсіндірілгеннен кейін, жаттығу жұмыстары, грамматикалық талдау жүргізіледі. Өзінің арнайы еңбегінде А.В.Текучев грамматикалық талдауды

толық және ішінара түрінде екіге бөледі. «Қазақ тілін оқыту методикасының» авторлары талдау түрлерін толық талдау, бөліп талдау түрінде жіктейді. Е.Көшербаев ішінара талдау, шағын талдау, толық талдау деп бөлуді ұсынады. Сондықтан – біз талдау жүргізудің мынадай нұсқалары бар деп есептейміз:

1. Ішінара талдау.
2. Бөліп талдау.
3. Жалпы талдау.
4. Толық және жан-жақты талдау.

1. Ішінара талдау

Бұл талдауда грамматикалық категорияның бөлшегі ғана таптырылып, талданады. Белгілі бір тақырыпты өткен мезгілде сол тақырыпқа байланысты формамен категория бойынша жұмыс жүргізеді. Ішінара талдаудың мақсаты – оқушылардың назарын сабақта өтілген тақырыпқа аудару, сонымен бірге, кейде оқушы назарынан тыс қалып қойған нұсқаларды нақтылай түсіндіріп өту.

Мысалы: омонимдес қосымшаларды дәл анықтай алу дағдысын қалыптастыру мақсатында табыс септігінің жалғауы мен туынды сын есім жұрнағы, жедел өткен шақ жұрнағы, жіктік жалғауының 3-жақ қосымшаларын бір-бірінен ажырату үшін бірнеше мысалдармен көз жеткізіп талдатып, мағынасы ажыратылады. Мысалы:

1. Атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын (Абай).
2. Ағайынға жағам десең – қазанды бол (Жанқұтты).
3. Таза, терең, күшті, кең тілім таратып кеткен балаларыңды бауырыңа, ақ көңіліңмен тарта аларсың, сен, тілім (М.Жұмабаев).
4. Ғылым тозбайды, жоғалмайды.
5. Күн тіл қатты (Т.Жароков).

Осы сипатты мысалдар беріліп, ондағы сын есім, табыс септігі, етістіктің жіктелуі, жедел өткен шақ тақырыптарын өткен кезде арнайы кестеге түсіріп салыстырмалы әдіспен грамматикалық формаларды тауып, олардың мағынасына, қызметіне сөз бен сөзді байланыстырудағы роліне т.б. белгілеріне қарай талданады. Мәселен, мұндай тәсілді қолдану оқушыларды сын есім тудыратын жұрнақтарды, сондай-ақ басқа да формаларды кез-келген сөзге қалай болса солай жалғай салудан сақтандырады.

Ішінара талдау бір категорияны жалпы белгісімен талдауды мақсат етпейді. Мұғалімнің өтіп жатқан сабағына оқушының назарын аудару үшін және материалдың белгілі бір бөлшегіне көңіл бөлу үшін қолданылады. Бұл әдіс әр сабақта, әсіресе төменгі сыныптарда жиі іске асырылады.

2. Бөліп талдау

Белгілі бір грамматикалық категорияны немесе форманы барлық ерекшелігімен таптырып анықтатуды мақсат етеді. Сондықтан бұл талдауды кейде тақырыптық талдау деп те атайды.

Талдаудың бұл түрін екі мақсатта пайдалануға болады: бірі жаңа сабақ өтілген соң пысықтау, бекіту мақсатында; екіншісі: бұрын өтілген тақырыптарды еске түсіріп қайталау, жүйелеу мақсатында:

Бұл әдіспен оқушының білімін, түсінігін анықтап, оқушы білімінің олқы тұстарын да таразылай алуға, оны жоюдың жолын қарастыруға септігі бар. Мысалы: Туған жердің қадірін туғалы түзге шықпаған адам қайдан білсін? (Ж.Аймауытов).

Осы сөйлемдерді былай талдауға болады:

1. Сөйлемдегі зат есімді тап.
2. Зат есімдердің қалай жасалып тұрғанын анықта,
3. Сөйлемдегі толықтауыштың астын сыз.
4. Оның қандай толықтауыш екенін анықта.

3. Жалпы талдау

Бұл талдау өзінің қолданатын тәсілі, нысанасы, талабы жағынан ішінара және бөліп талдаудан күрделі әрі көлемді. Талдаудың бұл тәсілі тілдік форма, категория, тақырып талдау емес, белгілі бір бөлім, тарауларды қалай меңгергенін анықтау және жаттықтыру, білімін бекіту үшін қолданылады. Грамматикалық категориялардың бір-бірінен айырмасы, ұқсастықтарына көңіл аудартады. Мысалы: сөйлем түрлері, құрылысы, сөз таптары т.б. талдау жүргізіледі. Мәселен, мына сөйлем төмендегіше талдануы мүмкін:

Алтынды еріте білмеген ірітер, теріні илей білмеген шірітер (мақал).

Құрылысына қарай құрмалас сөйлем, еріте білмеген, илей білмеген – бастауыш; ірітер, шірітер – баяндауыш; алтынды, теріні – толықтауыш (тура).

Бұлай талдау тәжірибеде қайталау сабақтарында, яғни бір тарауды тұтас өтіп біткеннен кейін жүргізу өз нәтижесін береді. Мысалы: фонетиканы өтуде фонетикалық талдау, лексиканы өтуде лексикалық талдау, синтаксисті өтуде синтаксистік талдау т.б.

4. Толық және жан-жақты талдау

Жүргізілу тәсіліне қарай жалпы талдаудан да көлемді болады. Мұнда грамматикалық талдаудың барлық түрі жүргізілумен қатар сөйлемдегі әр сөздің тұлғалық көрсеткіштері, фонетика, лексикалық белгілері толығымен жан-жақты ажыратылады. Жалпы талдау мен толық талдау – оқушы білімінің қаншалықты тиянақты екендігін байқауға көмектесетін негізгі тәсіл. Осыған орай оқушы білімін анықтауға, бекітуде өтілген тарау бойынша сұрақтар жүйесін түзіп, тест бойынша да жауап алуға болады.

Морфологияны оқытуға байланысты жаттығулар мен талдау

Морфологиядан білім мен дағды беру орта мектепте V-VI-VII сыныптарда қарастырылған, сондықтан әр сыныпта морфологияның әр түрлі ерекшеліктерінен білім беруіне байланысты жаттығу да түрлендіріліп жүргізіледі. Ол әрбір сыныптағы морфологиялық материалдардың мазмұны мен мақсатына байланысты болады.

Мектеп бағдарламасы: «Морфология бойынша өтілген сөз таптарының (зат есім, сын есім, етістік) әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін, бір сөз табының екінші бір сөз табына ауысу жолдарын ажырата білуге дағдылану!», деген талап қойса, ал білімдік мәнін: «Морфология бойынша морфологияның қарастыратын мәселелерін, сөз таптарының мағыналық, тұлғалық және синтаксистік ерекшеліктерін біліп, оларды мәтін құрамындағы сөздерден ажырата білулері қажет», - деп көрсетіледі.

Ал, VI сынып бойынша бұлардан басқа «... күрделі сөз тіркесінің құрамын негізгі және көмекші сөздерге, сондай-ақ олардың өзара байланысын ажырата білуге дағдылану» десе, VII сынып бойынша «... сөздердің жасалу, түрлену жолдарын ажыратуға» дағдылану деп міндеттейді.

Міне, бұдан біз әр сыныпта морфологиядан дағды беруде әр түрлі мақсат көздейтіндігін байқаймыз. Сондықтан мұғалім жаттығуды ұйымдастырғанда сол мақсат, мазмұнына лайықты болуын қарастырады.

Жаттығудың бірінші тобы өтіліп, үйретіліп отырылған білім, тілдік ереже, анықтамаларды саналы түсінуіне жағдай жасау ретінде жүргізіледі. Мысалы:

Сөз құрамын өту кезінде, қос сөздің құрамы мен мағыналарын саналы түсіну үшін мына сияқты жаттығуларды талдай орындаттыруға болады:

1. Тақтаға сөйлемдер жаздырып, ондағы қос сөздерді, қай түрге жататынын ажыраттыру. Мысалы:

Эшелон ішінде бала-шаға, үлкен-кіші, шал-кемпірлерді басқарып келе жатқан бірен-саран әскер адамдары да бар.

2. Қарамен жазылған сөздерді құрамына қарай талдаңдар.

Ұшы-қиыры жоқ өмір жолында **іркес-тіркес**, **ілгері-кейінгі** эстафеталық жарыс өтіп жатыр.

3. Қарамен жазылған сөздер қандай сөздерге жатады. Қос сөздерді тауып талда.

Топ-тобымызбен кең залға кіріп, **орын-орнымызға** отырдық


4. Қос сөздерді тауып, олардың қалай жасалып тұрғандығын айтыңдар.
Қазы-қарта, жал-жая қазанда бұрқ-бұрқ қайнайды

1.2. Оқушыларға сөзжасамдық талдауды үйрету жолдары

Сөзжасам – 1980 жылдардан бастап, қазақ тіл білімінде арнайы зерттеу объектісіне айналып, көптеген еңбектер, арнайы оқулықтар жарық көре бастады. Бұған дейін сөзжасам тіл білімінің морфология саласында қарастырылып келді. Сөзжасам белгілі бір сөз табы ыңғайында сөз болып, талданып, ол көбінесе белгілі бір сөз табының синтетикалық (қосымшалар арқылы) аналитикалық сөздердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі арқылы) тәсілдермен сол сөз табының грамматикалық сипаты ретінде баяндалып отырады.

Сөзжасам – белгілі тәсілдер арқылы жаңа лексикалық туындылар (сөздер) жасайтын тілдік процесс.






Синтетикалық (морфологиялық) тәсілмен жасалатын жаңа сөз негізгі түбір де, туынды түбір де, күрделі сөз де болуы мүмкін.

Сөз құрамы мен оның лексика-грамматикалық мағыналарының сызбамен талдану үлгілері төмендегідей:



Негізгі түбір сөздерді сатылай комплексті талдау



1-жаттығу. Төмендегі сөздерді сызбадағы үлгімен жазбаша талдаңыздар.



Мұра, қазақ, ұлт, кітап, парыз, өсиет, қазына, несібе.

**Синтетикалық немесе морфологиялық тәсілмен жасалған туынды
сөздерді сатылай комплексті талдау**



1-жаттығу. Мына сөздерді жоғарыдағы үлгімен жазбаша талдаңыздар.

Қызметкер, басшы, ұшқыш, қоғамдық, жаңалық, талантты, алғашқы, астаналық.



Сөз тұлғасына байланысты жүргізілетін жаттығуларға мынандай талаптар қойылады: 1) алдымен негізгі түбірлерді, одан кейін туынды түбірлерді, сосын түбірлес сөздерді талдайды; 2) белгілі бір сөздердің ішінен негізгі түбірді тапқызу үшін, сол негізгі түбірден жасалатын туынды сөздермен салыстыру жұмысы жүргізіледі.; 3) туынды сөздерден негізгі түбірді ажырату барысында сөздің мағынасына назар аударылады.

Жаттығу жұмыстары негізінде шәкірттер әрбір сөз табының өзіндік ерекшеліктерін, басқа сөз таптарынан айырмашылықтарын саналы түсінеді. Септік, көптік, жіктік, тәуелдік жалғауларын меңгеріп, оларды жазбаша, ауызша сөйлегенде орынды, дұрыс қолданып үйренеді.

Сөз табы бойынша жүргізілетін жаттығу түрлері төмендегідей сараланады: 1) мәтіннен керекті сөздерді тапқызу; 2) керекті сөздерді қатыстырып сөйлем құрату; 3) сөздің мағынасын түсіндіріп, сөйлемдегі қызметін көрсету; 4) мағына мен тұлға жағынан қандай айырмашылықтары барын салыстыру.

Сөз тұлғасын оқу барысындағы жаттығулар сөздің морфологиялық құрамын, мағыналы бөлшектерін, морфемаларды саналы түрде меңгертуде мәні зор. Сөздің морфологиялық құрамын талдау, көбінесе сол сөздің мәнін дұрыс ұғынып алуға жәрдем етеді. Сөздің элементтері түбір, жұрнақ, жалғау-бұлардың әрқайсысы сөзге өзінше мән береді. Осы мәндердің жинағы бірігіп, сөздің жалпы мағынасын тудырады.

Морфемаларды, соны ішінде жұрнақтарды айыра білу балалардың тілін жетілдіру үшін де мәні бар. Өйткені, бұл жаңа сөздер жасауға және сол сөздерді орынды жерінде қолдана білуге мүмкіндік береді. Сөз тұлғасына байланысты жүргізілетін жаттығуларға мынадай талаптар қойылады:

1. Алдымен, мүмкіндігіне қарай негізгі түбірлерді, одан әрі туынды түбірлерді, ең сонында түбірлес сөздегі талдайтындай жағдай жасалуы тиіс.

2. Белгілі бір сөздердің ішінен негізгі түбірді тапқызу үшін сол негізгі түбіден жасалатын туынды сөздермен салыстыру жұмысы жүргізіледі.

3. Туынды сөздер мен негізгі түбірді ажырату барысында мағына жағына назар аударылады.

Сөз таптарын оқыту барысында жүргізілетін жаттығулар сөздерді белгілі топқа біріктіріп, жүйелеуге үйрететіндей болғаны ұтымды. Жаттығу жұмыстары кезінде оқушылар әрбір сөз табының қасиетін, ерекшеліктерін саналы түсінеді.


Жаттығу жұмыстары кезінде септік, көптік, жіктік, тәуелдік жалғауларын меңгереді. Оларды жазбаша, ауызша сөйлегенде дұрыс, орынды қолдануын үйренеді.


Сөз табы бойынша жүргізілетін жаттығулар:

1. Мәтіннен керекті сөздер тапқызу.
2. Тірек сөздер арқылы сөйлемдер немесе әңгімелер құрастыру.
3. Сөздің мағынасын түсіндіріп, сөйлемдегі қызметін көрсету.
4. Сөздердің лексикалық немсе грамматикалық жағынан қалай өзгертінін, не арқылы өзгертінін аңғарту.

Сөз мынадай құрамнан тұрады:


Сөз құрымының кестесі





Сөз құрылымының сызбасы

Талдау сатылары:



II. Туынды түбір, жасалу жолдары:

1. Синтетикалық тәсіл:

- а) негізгі түбірге сөз тудырушы жұрнақ жалғану арқылы;
- ә) туынды түбірге сөз тудырушы жұрнақ жалғану арқылы;
- б) септік жалғауының көнеленуі арқылы.

2. Аналитикалық тәсіл:

- а) тіркесу;
- ә) бірігу және кірігу;
- б) қосарлану.


III. Көптік жалғауы, оның грамматикалық мағынасы.


IV. Тәуелдік жалғауы, оның грамматикалық мағынасы.

V. Септік жалғауы, оның грамматикалық мағынасы.


VI. Жіктік жалғауы, оның грамматикалық мағынасы.

1-кесте








2-кесте



3-кесте





II ТАРАУ

2. Сөз табына қатысты морфологиялық талдау

2.1.Есім сөздерді морфологиялық талдау ерекшеліктері.

Зат есімнің морфологиялық талдану жолдары.

Оқу құралындағы ғылыми тұжырымдар негізінде зат есім жоғары мектепте, біріншіден, семантикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктердің комплексті әдісімен, екіншіден, зат есім сөздерінің нақтылық – абстрактылық, жалпылық-жалқылық, даралық-жинақтылық, жекелік-топтық сияқты семантикалық қасиеттеріне қарай қарастырылады. Сөз құрамы бойынша берілетін білім осылай ұласқан жағдайда оқушының ұғымындағы сөз құрамдық жүйе оның ішінде түбір туралы ұғым төменде келтірілген тапсырма бойынша мына нәтижені көрсетуге тиісті.

Тапсырма: «Қаражан келіп-кетісімен Көксеңгірдегі тойға Абай ауылы асығыс қам жасады»².

Осы сөйлемдегі асты сызылған сөздердің түбір ерекшеліктерін анықтау.

Морфологиялық негізде:

Сөз құрамы бойынша

«Ауылы»:

А) түбірлік негізде:

- қазіргі түбірі – «ауыл»

-мағынасына қарай – негізгі түбір;

- құрамына қарай – дара түбір;

«Көксеңгірдегі»:

- қазіргі түбірі – «Көксеңгір»


-мағынасына қарай – туынды түбір (туындылығы екі сөзден құралуында);

- құрамына қарай – күрделі түбір, оның ішінде біріккен түбір (біріккен сөз);

Тапсырма осы жүйемен талданса, бұл оқушының тақырыпты тиянақты меңгергенін көрсетеді.

Бұл айтылған ерекшеліктерді жүйелеп қарастыру үлгісі жоғарыда және келесі бетте беріліп отыр.

² К.Оразанин. Абайдан соң. Алматы. 1989. 53-бет.



Оқушы сөйлемдік контекстен алынған сөздің морфологиялық ерекшелігін былай қамту дәрежесінде болады. Мысалы: «Астахов өз басына да төнген қауіптерді талдап айтады»³

Морфологиялық негізде:

³ К.Оразанин. Абайдан соң. Алматы. 1989. 87-бет.

1. Сөз құрамы бойынша:

а) түбір морфемалық негізде:

- қазіргі түбірі (негіз) – «қауіп».

- мағынасына, әрі қарай талдауға келу-келмеуіне қарай – негізгі түбір-оның ішінде құрамында әлі (көне) түбірі жоқ негізгі түбір;

- құрамына қарай – дара (жалаң) түбір;

б) қосымша морфемалар бойынша:

- «тер» - қосымша морфема, жалғау көптік;

- «ді» - қосымша морфема, жалғау, септік, табыс септігі.

Мектеп бағдарламасы бойынша жалпы, жалқы есім, негізгі, туынды зат есімдер, есімдерден зат есім тудыратын жұрнақтар, етістіктен зат есім тудыратын жұрнақтар (IV сынып), зат есімнің көптелу, тәуелдену, септелуі, жай септеу мен тәуелді септеу, кейбір зат есімнің жіктелуі, көмекші есімдер, зат есімнің емлесі (V сынып) өтілуге тиіс.

Мұғалім осы тақырыптарды күнтізбелік жоспар бойынша жеке-жеке өткенде, оқушылар тақырып бойынша толық ұғым ала алады. Бірақ оқушыларға «сөйлемдік контекстегі мына зат есімнің морфологиялық ерекшеліктерін ата» деген тапсырма берілсе, ол осы тапсырманы толық орындай алмауы мүмкін. Мұны қайсыбір методикалық олқылықтан деп есептеу керек.

Бұл кемшілікті болдырмау үшін сабақ жоспарындағы сол күнгі тақырыпты түсіндіру кезінде, сол ұғымның қорытындысын бұрынғы жүйеге тірек сызба арқылы қосып отыру керек.

Зат есімнің осы ерекшеліктерін қатар қарастыруды меңгерген оқушы «Еліміздің ұлы Отан соғысы **жеңісінің** 75 жылдығына арналған салтанатқа қатысу үшін Астанаға еліміздің барлық түпкірінен мыңдаған соғыс және еңбек ардагерлері келді» деген контекстегі қарайтылған сөздің

морфологиялық ерекшеліктерін ата» деген тапсырмаға мына жүйе негізінде жауап беретін болады:

Морфологиялық негізде:

1. Сөз құрамы бойынша:

а) түбірлік негізде:

- қазіргі түбірі – «жеңіс»
- мағынасына қарай туынды түбір, негізгі түбірі – «жең»
- құрамына қарай – дара түбір

б) қосымшалық негізде:

- іс – қосымша, жұрнақ, етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ-
- і – қосымша, жалғау, тәуелдік жалғау, III-жақ
- ның – қосымша, жалғау, септік жалғауы, ілік септігі.

2. Сөз табы бойынша:

а) «жеңіс» - зат есім

б) мағынасына, әрі қарай талдауға келу-келмеуіне қарай – туынды зат есім- етістіктен болған туынды зат есім

в) құрамына қарай – дара зат есім

г) деректі-дерексіздігіне қарай – дерексіз зат есім

д) атаулық ерекшелігіне қарай – жалпы есім.

Оқулықтағы жаттығуды осы тапсырма бойынша орындатып, сонан кейін 1-2 сөздің морфологиялық ерекшеліктерін жазбаша анықтау оқушының өз бетімен талдауға машықтануына негіз болады.

Морфологиялық негізде

2. Сөз табы бойынша:

- «ел» - зат есім
- мағынасына қарай – негізгі зат есім
- құрамына қарай – дара зат есім
- деректілігіне қарай – дерексіз зат есім


- атаулық ерекшелігіне қарай – жалпы зат есім деген ұғымның көрінісі болмақ.

Бақылау жұмысының бұл түрі оқушылардың белсенділігін арттырады, ұстаз уақытын үнемдеуге себін тигізеді.

Зат есім категориясының сөз табылық ерекшеліктерін талдау үстінде мынаны есте ұстау керек: барлық зат есім атаулы сөздердің жіктеле бермейтіні сияқты, кейбір зат есімдерді сол сөз табы ерекшеліктері негізінде талдаудың қажеті болмайды.

Зат есімді қарастырғанда, оның жұрнақтарын, бұрын айтылғандай, зат есімнің туындылығынан шығару, сол арқылы зат есімнен зат есім тудыратын жұрнақтар – зат есімнің төл жұрнақтары, басқа сөз табынан зат есім жасайтын жұрнақтар деп аталатынын ескерген дұрыс. Осылай талдаудың морфологиялық зерттеу объектілерінің біріншісіне – сөз құрамына ауысқанын оқушы сезінетін болуы керек.

Қазақ тілін оқыту методикасына арналған еңбектерде грамматикалық талдау үлгілері берілген: «үйдің – зат есім, ілік жалғауында тұр, іші – көмекші есім, шай - зат есім». Оқушыдан осындай ғана қабілет талап ету – дәстүрлі методиканың сілемі. Ал, қазіргі талап басқаша.



а. дара.

ә. күрделі.

—————→ 4. Лексикалық мағынасы.

—————→ 5. Грамматикалық мағынасы.

а. жалпы грамматикалық мағына;

ә. Категориялық грамматикалық мағына.

б. қатыстық грамматикалық мағына.

—————→ 6. Сұрағы.

—————→ 7. Мағынасына қарай.

а. жалпы, жалқы.

ә. жанды, жансыз.

б. деректі, жартылай деректі, дерексіз.

в. нақты, нақсыз есім.

—————→ 8. Жалғаулары: көптік, септік, тәуелдік, жіктік⁴.

Сын есімнің өзіндік ерекшеліктерін талдауға машықтандыру

Қазақ тіліндегі сын есім категориясы жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар мен академиялық жинақтарда, методикалық көмекші құралдарды арнайы қарастырылған. Зат есім сияқты сын есімнің де мағынасына қарап негізгі, туынды болып, бір сөзділік және құрамындағы сөздің екі немесе одан көп болуына қарай жалаң немесе күрделі болып бөлінуі дау туғызбаса керек. Ал, сын есімнің бөліну жолының үшінші түрі (сапалық, қатыстық болып бөлінуі) академиялық жинақта «мағыналары мен грамматикалық ерекшеліктеріне қарай» деп, екіншісінде «семантикалық мағыналары мен

⁴Н.А.Ораазахынова, Ж.Т.Исаева, Г.С. Сүлеева. Қазақ тілі (сөзжасам, морфология) Алматы, Арыс, 2004. 48-б.

грамматикалық ерекшеліктеріне қарай» деп белгіленген, оқулықта да соңғы анықтама берілген.

Шырай жұрнақтарын қабылдаған жағдайда сапалық сын есім категориясын төмендегідей төрт негізде қатар қарастыру қажет.

«Еліміздің халықаралық беделі өлшеусіз өсіп, ол халықаралық саясатқа, бейбітшілік және әлеуметтік прогресс ісін нығайтуға игі ықпал етіп отыр» деген контекстегі сын есімдерді («халықаралық», «өлшеусіз», «бейбітшілік», «әлеуметтік», «игі») атап, олардың ішіндегі алдыңғы екеуінің морфологиялық ерекшеліктерін былай анықтады деп есептейік:

Морфологиялық негізде:

1. Сөз құрамы бойынша:

а) түбірлік негізде:

- қазіргі түбірі (негіз) – «халықаралық».
- мағынасына қарай – туынды түбір (екі сөзден құралуының өзі – туындылық)- негізгі түбірлері – «халық», «ара».

- құрамына қарай – күрделі түбір- оның ішінде – біріккен түбір.

б) қосымшалық негізде:

- «лық» - қосымша морфема, оның ішінде жұрнақ морфема ...

2. Сөз табы бойынша:

- сын есім
- туынды сын есім
- морфологиялық-синтетикалық жолмен жасалған – әрі бірігу, әрі аффикс қосылу арқылы жасалған-
- сөз құрамылық тұлғасына қарай – күрделі сын есім
- семантикалық мағына негізінде сындық белгісіне қарай – қатыстық сыны
- синтаксистік тіркескен сөзімен («халықаралық беделі») адъективтік қатынаста – есімді тіркес.

Оқушының бір сөздің морфология қарастыратын сөз құрамдық төрт қасиетін, сөз табылық алты қасиетін өздігінше және қатар қамтуы – ғылыми жүйені меңгергенінің көрінісі.

Ал, екінші сөзді («өлшеусіз») осылай талдағанда ең соңында оның тіркескен сөзімен («өлшеусіз өсіп») қатынастан – етістіктен тіркес қатынасынан үстеулік адвербиалдық өзгерісті көрсе, бұл – ерекше жетістік.

Сын есімнің сызбасы



————→ 3. Құрылысына қарай.

а. дара.

ә. күрделі.

————→ 4. Лексикалық мағынасы.

————→ 5. Грамматикалық мағынасы.

а. жалпы грамматикалық мағынасы.

ә. категориялық грамматикалық мағына.

б. қатыстық грамматикалық мағына.

————→ 6. Сұрағы.

————→ 7. Мағынасына қарай⁵.

Сан есімнің өзіне тән ерекшеліктерін талдау

Сан есімнің өзіндік бір ерекшелігі сол, ол өзге сөз табынан жасалмайды, оның жұрнақ арқылы түрленуі тек лексикалық мағынасы көлемінде іске асады, түрленгеннің өзінде сол лексикалық мағынадан көп ауытқымайды. Демек, туынды сан есім тек сан есімнен жасалады. Осы себептен сан есімді басқа зат есім, сын есім сияқты мағынасына қарай негізгі, туынды деп бөліп жатудың қажеті шамалы деп білеміз.

Рас, сан есім құрамына қарай бір сөзден тұратын дара (жалқы), екі не одан да көп саннан тұратын күрделі сан есім, мағынасына қарай есептік,

⁵ Н.А.Оразахынова, Ж.Т.Исаева, Г.С. Сүлеева. Қазақ тілі (сөзжасам, морфология) Алматы, Арыс, 2004. 70-б

реттік т.б. болып бөлінеді. Бұл бір сөз табынан екінші сөз табын жасаудағы, я бір сөз табылық сөзден лексикалық екінші мағына туатын процестік бөліну емес, тек сан есімнің іштей мағыналық саралануы, топталуы болып табылады.

Сан есім категориясындағы бөліну жүйесін мектеп оқушысы бұлай түсінетіндей етіп саралау мұғалімге де, болашақ ұстазға да қажет дайындық.

Осылай саралауды меңгерген оқушы контекстен алынған кез келген сан есім сөзді: сөз табы бойынша бұл сөз - сан есім- құрамына қарай – бір-ақ сөзден тұратын дара (жалаң) сан есім- мағынасына қарай – есептік сан есім дейтін дәрежеде болады.

Біз бұл арада сан есімнің семантикалық, морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктерін түгел қарастырып отырғанымыз жоқ. Проф. А.Ысқақов еңбегінде «Шолпан ол кезде төрт балалы әйел еді» сөйлеміндегі синтаксистік тіркес заңдылығын қарастыру арқылы сан есімдік сипатқа құнды ғылыми анықтама берген. Белгілі ғалым А.В.Текучев сан есімді оқыту мектеп оқушыларының сөздік қорын молайтуға бағдар береді, - деп орыс тіліндегі «восемь» саны атауының бір кездегі «осмь», «бір» саны атауының «един» сөзінен шыққанын мысалға келтірген.

Қазақ тіліндегі сексен, тоқсан деген сандық атаулардың түркі тіліндегі қолданылуын қоса пайдаланса, мұғалімнің бұл қадамының ғылымдық та, тәрбиелік те маңызы зор болмақ.

Сан есімнің сызбасы



ә. туынды.

————→ 2. Құрамы мен құрылысына қарай.

а. дара.

ә. күрделі.

————→ 3. Лексикалық мағынасы.

————→ 4. Грамматикалық мағынасы.

————→ 5. Сұрағы.

————→ 6. Мағынасына қарай ⁶.

Есімдіктің сөз табылық ерекшеліктерін талдау

Академик В.В.Виноградовтың белгілі еңбегінде есімдік терминінің грек тілінде *antonymia* латын тілінде *прономен* болып, есімнің орынбасары ұғымында қолданылғаны туралы дерек берілген. Ал орыс тілі энциклопедиясында есімдікке затты, оның белгісін көрсететін, бірақ оның атын атамайтын сөз деген анықтама берілген.

Қазақ тілі есімдіктері проф. А.Ысқақовтың еңбектерінде, А.Ибатовтың арнаулы зерттеуінде жан-жақты қамтылған.

Жоғары оқу орнында есімдік атаулыны субстантивтік (заттың белгісін білдіретін сөздің, атаудың орынбасары), атрибутивтік есімдіктер (заттың белгісін білдіретін сөздердің орынбасарлары) деп қарастырылған.

Орыс тілі морфологиясында «есімдік – зат есім», «есімдік – сан есім», деп бөлушілік те кездеседі. Ондай концепцияның авторлары бұл екі типті анықтауға есімдіктердің септелетіндігін негіз етеді. Бұлай бөлудің де танымдық маңызы бар: қазақ тіліндегі «ешкім» -септеледі, «ешбір» септелмейді, оның есесіне сол септелмей тұрған «ешбір» тәуелденеді, бірақ тек II-III жақта ғана тәуелденеді.

⁶ Н.А.Оразахынова, Ж.Т.Исаева, Г.С. Сүлеева. Қазақ тілі (сөзжасам, морфология) Алматы, Арыс, 2004. 90-б

Есімдіктің септелу мәселесін қарастырғанда, септелу процесінде оның бойындағы морфологиялық қопарылыс (супплетивизм) ерекшелігін байқамауға болмайды.

Орыс тілінде я, меня, мне болып, ондай қопарылыс түбірлі өзгеріс туғызса, қазақ тілінде де біршама өзгеріс пайда болады (мен-маған).

Есімдік категориясының, біріншіден, осындай ғылыми ерекшеліктерін ескеру керек. Екіншіден, оқытушы осы категорияны мектепте оқушыларға меңгерту жолын қарастырып, мектеп лингвистикасы бойынша есімдіктің сөз табылық ерекшеліктерінің жүйесін белгілей білуге тиіс.

Есімдіктердің бір ерекшелігі олар да сын есім сияқты басқа сөз табынан жасалмайды. Ал, есімдіктен, біріншіден, морфологиялық тәсілмен: мына-у, бес-інші, екіншіден, синтаксистік тәсілмен – екі есімдіктің бірігуі (кейбіреу, бірнеше), екі сөздің қосарлануы (бірде-бір, кімде-кім) арқылы жасалады. Бұл синтаксистік тәсілдің морфологияға да тікелей қатысты екенін, сөз құрамынан шығатын қос сөз, біріккен сөздердің осы жолмен жасалатынын мұғалім ескере отырып, әлгі екі ерекшелікті қатар қамтуға тиіс.

Есімдіктегі туындылықтың өзіндік ішкі ерекшелігін және туынды формалы есімдіктегі ұғымның сол сөздердің бастапқы лексикалық мәнінен ұзап кетпейтіндігін ескеріп, мектеп оқушыларына негізгі есімдік пен туынды есімдік деп бөле-жара түсіндірудің айта қалғандай маңызы жоқ деп білеміз. Екіншіден, олай бөліп жатудың қажетсіздігі бұл сөз табының ауқымына да байланысты. «Қазақ тілінде есімдіктер сан жағынан көп емес, не бары 60-70 сөз».

Сондықтан да есімдіктерді мағыналарына қарай дәстүрлі жеті топқа (жіктеу, сілтеу, сұрау, өздік, белгісіздік, болымсыздық, жалпылау есімдіктері) бөліп, оқушыға талдауға берілген мына контекстен:

Саған арнап, бөбегім,

Сый жолдады Сыр – енен,

Сырдың бойы – көп егін,

Бәрі – сенің сыбағаң – есімдіктерді тауып талдаң.

Морфологиялық негізде: «саған».


1. Сөз құрылысы негізінде:

- қазіргі түбірі – «сен», ол – негізгі түбір, дара түбір
- «ға» - қосымша, жалғау, барыс септігінің жалғауы
- «н» - қосымша, дәнекер.

2. Сөз табы бойынша: - есімдік

- құрамына қарай – дара (жалаң) есімдік
- мағынасына қарай – жіктеу есімдігі, - деп, екінші есімдіктің де («бәрі») осы негізде талдаса, бұл іс-әрекет оқушының әрі есімдік көлеміндегі тиянақты ұғымын, әрі морфологиялық ерекшеліктерді қатар қамту қабілетін көрсетеді.

Есімдіктің сызбасы



а. дара.

ә. күрделі.

- 3. Лексикалық мағынасы.
- 4. Грамматикалық мағынасы.
- 5. Сұрағы.
- 6. Мағынасына қарай
 - 1. жіктеу.
 - 2. сістеу.
 - 3. сұрау.
 - 4. өздік.
 - 5. белгісіздік.
 - 6. болымсыздық.
 - 7. жалпылау ⁷.


2.1. Етістіктің өзіндік ерекшелігін талдау жолдары

Етістік – лексикалық құрамы мен грамматикалық құрылымы жағынан аса күрделі сөз табы. Қазақ тіліндегі етістік категориясы теориялық жағынан біршама зерттелген, бұл салада бірнеше кандидаттық, докторлық диссертациялар, оқыту методикасына байланысты да диссертациялар қорғалып, профессорлар А.Ысқақовтың, А.Хасенованың, доцент Ы.Мамановтың монография-оқулықтарында жан-жақты қамтылды. Солай бола тұрса да, жоғары оқу орындарында және мектепте оқыту процесі

⁷ Н.А.Оразақынова, Ж.Т.Исаева, Г.С.Сүлеева. Қазақ тілі (сөзжасам, морфология) Алматы, Арыс, 2004.100-б

етістіктің сөз табылық ерекшеліктерін қатар қамту жолын іздестіруді күн тәртібіне қойып отыр. Өйткені, етістік категориясы осыншалықты зерттелінгенімен, оның құрылымдық жүйесі туралы бірізділік қалыптаспай келеді.

Орыс тілі энциклопедиясы етістік аталатын сөз табы іс-әрекет, қимыл, жай-күйді білдіретін және оның мәнін жақ, шақ, етіс, сан, рай категориялары арқылы жеткізетін сөз табы деп, ал орыс тілі етістігінде родтың өткен шақта ғана қолданылуын лексика-грамматикалық сипат деп қарастырады. Бұл анықтамада қамтылған род, вид категориясы орыс тіліне тән ерекшелік болғанмен, анықтаманың бүкіл бітімі қазақ етістіктерінің ерекшеліктеріне де қатысты негіз болып табылады. Профессор А.Ысқақов оқулығындағы етістікке қатысты тұжырымдардың мазмұны мына кестедегі жүйеге саяды.



Егер оқытушы оқулықтағы тұжырымдарды осылай қабылдаса, лингвистикалық басқа деректерден қажетті материал жинақтаса, бұлардың

бәрін лекциялық, практикалық жұмыс материалдарымен ұластырса, бұл әрине, ғылыми жүйелілікке де, танымға да лайықты болар еді. Ал, М.Мамановтың еңбегінде етістік категориясының жүйесі біршама басқаша тәсілмен берілген⁸.

Біздің бұл тараудағы ғылыми-методикалық мақсатымыз – етістіктің сөз табылық жоғарыдағыдай тым көлемді, тым ауыр құрылымын студенттер мен мектеп оқушыларына қалай жүйелі жеткізудің жолдарын қарастыру. Бұл үшін алдымен ғылыми грамматика бойынша етістіктің морфологиялық (әрі сөз құрамылық әрі сөз табылық) ерекшеліктерін қатар қамту мүмкіндігін көрсету.

Морфологиялық құрамы аса күрделі етістік категориясына арналған осы бөлімде де арнайы тоқталуымыздың себебі - бұл категорияның күрделілігі мен қиындығына байланысты.

Біз «Етістік» жүйесінде де объектіге алынған етістік сөздің ең алдымен қазіргі негізін – контекстік қазіргі түбірін (действующий корень) тауып алып, сол негіздегі етістікке қатысты морфологиялық ерекшеліктерін табу әдісінің тиімділігін атап көрсетпекпіз. Бұл концепцияға негіз етіп орыс тіліндегі негіз (основа) аталатын морфологиялық тұлғаның жалғауға дейінгі құрам екендігін алсақ, бұл теориялық шешімнің тиімділігі практикада сөзсіз дәлелденеді деп түсінеміз.

Бұдан бұрын да атап көрсетілгендей, орыс тіліндегі негізден (основа) тиянақты лексикалық ұғым да, негізгі не туындылық дербестік те талап етілмей, ол тек жалғау арқылы түрленуіне негіз болатын ерекшелігі есепке алынады. Ал, сол негіздік тұлғаға қосымша морфемалар қосылу арқылы түбірлік те, негіздік те ерекшелік қатар анықталады.

⁸ Н.А.Ораазахынова, Ж.Т.Исаева, Г.С. Сүлеева. Қазақ тілі (сөзжасам, морфология) Алматы, Арыс, 2004. 121-бет.

Осы негізден алғанда, етістікке қатысты барлық категориялардың көрсеткіштері (шак, етіс, рай, сабақты-салттық, болымдылық-болымсыздық, көсемше, есімше) сөйлемдік контекстегі қолданысында жалғауға дейінгі құрамда болады да, негіздің (қазіргі түбірдің) құрамына еніп кетеді. Сондықтан, талданып отырған етістік сөздің бойынан табылатын осы формаларды анықтау – етістіктің морфологиялық қасиеттерін қатар қамтуға мүмкіндік жасайды.

Біз бұл жинақтауларда етістіктің жоғары мектеп бағдарламасында қарастырылатын барлық ерекшеліктерін түгел қамтымай, практикалық тәжірибеде көбірек кездесетін түрлеріне ғана тоқталдық. Дегенмен, болымсыз, болымды, көмекші етістіктер туралы бірер сөз айта кеткен орынды.

Болымсыздық жұрнағы жоқ етістікті болымды етістік деп, болымсыздық жұрнағы барын болымсыз деп жаппай атау логикалық қателікке тірейді. Өйткені, «ол тәртіп бұзбады» дегенді «бұзбады» етістігін болымсыз деп, «ол терезені сындырды» дегенді болымды етістік деу, әрине орынсыз. Сондықтан ұстаз болымды формалы болымды етістік, болымсыз формалы болымсыз етістіктер болатынын шәкіртке қатар меңгертуді ұмытпауға тиіс.

Етістікті морфологиялық сатылай талдауға үйрету

Етістік

- 1. Тұлғасына қарай: негізгі, туынды
- 2. а) Құрамына қарай: дара; ә) күрделі
- 3. Лексикалық мағынасы
- 4. Грамматикалық мағынасы:
 - а. жалпы грамматикалық мағына
 - ә. категориялық грамматикалық мағына
 - б. қатыстық грамматикалық мағына
- 5. Лексика грамматикалық мағынасы мен синтаксистік қызметіне орай;
- 6. Сұрағы
- 7. Мағынасына қарай: негізгі, көмекші
 - ә. объектіге қатысына қарай: салт, сабақты
 - б. іс - әрекеттің орындалуына қарай: болымды, болымсыз
- 8. Етістер: өздік, өзгелік, ырықсыз, ортақ
- 9. Етістіктің өзіне тән ерекше категориялары: есімше, көсемше, тұйық
- 10. Етістіктің райлары
- 11. Етістіктің жақтары
- 12. Мағыналарының жақындықтарына қарай: амал - әрекет, ойлау - сөйлеу, өсу - өну;

Етістік тақырыбының алғашқы сабағын мұғалім сол сөз табы туралы баяндаудан бастамай, тақтаға құрамында зат есім және етістіктік құрам бар жай сөйлемді жазып, ондағы зат есімдік сөзді мына үлгімен талдатуы тиіс.

1. Сөз құрамы бойынша:

а) түбірлік негізде:

- қазіргі түбірін, оның негізгі не туынды түбір екендігін, дара не күрделі түбір екендігін,

б) қосымшаларын талдағаннан кейін:

2. Сөз табы бойынша: - зат есім екендігін, негізгі не туынды зат есім екендігін, құрамына қарай дара не күрделі зат есім екенін, деректілігіне, дерексіздігіне қарай деректі не дерексіз зат есім екендігін анықтап, атаулық ерекшелігіне қарай сол зат есімнің жалқы не жалпы есім екендігін таптырып, қажет болған жағдайда осы жүйемен жаздырып, мұғалім сабақтың бұл бөлімінде «Зат есімді қайталадық» деген қорытынды жасауға негіз қалайтындай жұмыстарды іске асырса, тиімді болмақ. Осыдан кейін, оқушыларды қатыстыра отырып етістік сөзді талдауға кірісуі мүмкін. Талдау арқылы соңғы сөздің зат есім де, сан есім де, сын есім емес екеніне оқушылардың көзі жетеді. Осы арада мұғалім етістікті түсіндіруге кіріседі: «Бұл сөз, өздерің көргендей іс-әрекетті білдіреді. Осындай іс-әрекетті білдіретін сөз табы – «Етістік» деп аталады.

Демек, бүгінгі жаңа материал – «Етістік», жазып алындар, - деп тақтаға «Етістік» сөзін жазып қояды. Келесі сабақта контекстен алынған етістік сөзді алдымен сөз құрамы бойынша талдатып:


- одан әрі талдауға келмейтін түбір болса («оқы»), «оқы» ол негізгі түбір деп:

- одан әрі талдауға келетін болса («оқыт»), ол түбірдің туынды түбір аталатынын (бұл сөз құрамы тақырыбы бойынша бұрын өтілген) оқушылардың өздеріне айтқызып, «Енді сол сөздің сөз табылық ерекшелігін

табу керек», - деген кезде оқушылардың басым көпшілігі «Етістік», деп жауап беретіні сөзсіз.

Осыдан кейін етістіктің сөз табылық бірінші ерекшелігі – негізгілігі, не туындылығы анықталуы керек болса бұрын сөз құрамы бойынша негізгі түбір, не туынды түбір екендігін біліп отырған оқушыларға сөз табы бойынша – «Етістік», мағынасына қарай – негізгі етістік не туынды етістік екенін айыру қиындық туғызбайды. Одан кейін етістіктің құрамына қарай – дара, күрделі болып бөлінуін қатар қамту да оңайға түседі. Осы түсініктің қорытындысы есебінде мұғалім тақтаға мына тірек сызбаны іліп қояды.





2.3.Морфологиялық талдауға байланысты сабақ үлгісі

Қазіргі мағалімдердің алдында тұрған ең басты міндет оқушыларды сабаққа ынталандыра білу, сол арқылы әр тақырыпты жете түсіндіру. Ал оқушыны сабаққа қалай ынталандыруға болады.

Бұл сұрақтың бір ғана нақты жауабы бар: тек сабақты қызықты өткенде ғана. Сабақты қызықты, тартымды өткізе білу деген тек айтқанда ғана оңай. Іс жүзінде сабақты қызықты, тартымды өткізу мұғалімнен білімділікті, қабілеттілікті, тапқырлықты, дарындылықты қажет етеді. Осы мақсаттан әр түрлі амал тәсілдер туындайды. Сондықтан да мектеп мұғалімдеріне талап – тілектер барған сайын күрделеніп келеді. Өткен өмірімізге көз жіберіп, тарихымызға үңілер болсақ, осыдан біраз жылдар бұрынғы шәкірттер мен бүгінгі жас ұрпақтың ой – санасындағы, өмірге көз-қарасындағы ерекшеліктер жер мен көктей екені белгілі.

Мектепте қазақ тілін оқытудың негізгі міндеті оқушыларды ана тілінің сан қырлы иірімдеріне терең байыту, оларды сауатты жазуға және мәдениетті сөйлеуге үйрету, дұрыс оқу, оқығанын жүйелі түрде айтуға жаттықтыру. Әр тақырыпты өткенде мұғалім қай әдісті тиімді деп есептейді, ол өз еркінде. Өйткені ұстаз үшін ең тиімді әдіс жақсы меңгерген, жетік білетін әдісі. Әрине, бұдан мұғалім тек бір әдісті ғана меңгеріп, басқасына көңіл қоймасын деген ұғым тумаса керек.

Өз әріптестерінің озат тәжірибесінен хабардар болып қана қоймай, оны шығармашылықпен пайдалану- ұстаздың күнделікті іс тәжірибесіне жақсы нәтижелерге жетуінің, оқу-тәрбие жұмысын жоғары ғылыми методикалық деңгейде жүргізуінің кепілі. Белгілі тақырыпты әр мұғалім әр түрлі әдіспен жеткізеді. Бұған ұстаздың өзіндік методикалық икемі, білімі, талғамы, өзіне тән педагогикалық шеберлігі бойынша байқалады. Сондықтан да кез-келген ұстаздың белгілі бір тақырыптағы сабағы екінші бір мұғалімнің сол тақырыптағы сабағына сырттай ұқсас болғанымен, оны айнытпай қайталамайды.

Күнделікті сабақта ұстаздар арасынан кеңнен тараған бір әдіс ойын элементтерін пайдалану. Қазақ тілі менен әдебиеті сабақтарында ойындар оқушының сабаққа қызығушылық, белсенділігін арттыруда, шығармашылық қабілетін дамытуда өте тиімді екендігі мәлім. Бала белсенділігі ойын үстінде танылады. Жақсы ойынға бала бар ынтасымен беріліп, алуан мәлімет, дағды мен шеберлікті меңгереді. Алға мақсат қоя білуге төселеді, білгенін соған жұмсайды. Алайда ойынды үнемді пайдаланамын десең артық айтқан болар едім. Ойынның белгілі бір уақыттарында жүзеге асырылып, сабақ кезеңдеріне нұқсан келмейтіндей жымдасып жатуын көздеймін. Ойынды көбіне қайталау, тақырыптық талдау кезінде қолданамын. Кейінгі кезеңдерде сабақтарыма ұлттық ойындарды кіргізіп жүрмін. Алдыма қойған мақсатым: оқушылардың пәнге болған қызығушылығын арттыру мен әр тақырыпты жете меңгерту. Осы орайда ұлттық ойындарды өткізе отырып, халқымыздың әдет-ғұрпын, мәдениетімен жете таныстыру мақсаты да басты назарда болмақ. Сол себепті өз сабақтарымда, әсіресе, тілдік талдауларды өткенде ұлттық ойындарды қолдануды әдетке айналдырдым. Енді солардың кейбіреулеріне тоқталамын.

Енді морфологиялық талдауға 6-сынып бойынша бір үлгі сабаққа тоқталсақ:

1. Сабақтың тақырыбы: «Зат есімнен өткенді қайталау»

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Зат есім туралы негізгі, туынды, жалпы есім, жалқы есім, деректі, дерексіз зат есімдердің қолданылу сипатын тану. Сол арқылы оқушыларға зат есімді морфологиялық талдауға жаттықтыру және олардың ойлау қабілетін дамыту, өз ойын тұжырымдауға және басқалардың көз-қарасын сыйлауға үйрету.

Тәрбиелік мәні: Сауатты жаза алатын, жүйелі оймен көркем әдеби тілде сөйлей білетін тұлға тәрбиелеу. Оқушыларды ана тілін, өз халқының әдебиетін, салт-дәстүрін, елін ардақтайтын елжандылық сезімге баулу.

Дамыту: Мәтінді морфологиялық тұрғыдан талдата отырып, зат есім туралы оқушылардың өздеріне ой қорытындысын жасату. Оқушылардың тілдік материалды сатылай комплексті талдауын меңгерту арқылы теориялық және практикалық білімін тереңдету.

Сабақтың түрі: Дәстүрлі емес.

Сабақта қолданылатын әдістер: Түсіндіру, сұрақ-жауап, ой бөлісу, ой шақыру, топтау, пікір айту.

Көрнекіліктер: кеспе қағаз, суретті билет, үлестірме материал, ойыншықтар, суреттер, кубик.

Пәнаралық байланыс: Әдебиет, тарих, география, ән-күй, сурет.

Сабақтың барысы:

1.Ұйымдастыру кезеңі (1мин) Оқушылармен амандасып, оқушылардың зейінін сабаққа аудару. Оқушыларды топқа бөлу.

Сабақтың мақсаты: Зат есім тақырыбын оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлап, талқылауға үйрету. Осы мақсатқа жету үшін пайдаланылатын стратегиялар маңызды істерге бастайды.

«Зат есім» тақырыбын толық меңгерту үшін пайдаланылатын оқыту стратегиялары:

1. Ой шақыру – 2 мин.
2. Топтастыру әдісі – 5 мин
3. Кубизм – 20 мин
4. Венн диаграммасы – 5мин
5. Еркін жауап – 5 мин

Әр стратегияның мақсатын сабақ өту барысында түсіндіремін.

1. Ой шақыру.

Зат есім сөздерінің сырына үңілейікші. Қазіргі сәттен бастап, осы сөздің сыры өз қолдарыңда. Қане, ми қыртысын іске қосамыз. Оқушылар зат есім туралы ойларын ортаға салады.

2. Топтастыру әдісі.

Топтастыру оқушыларды еркін ойлауға және тақырыпты ашық талқылауға бағытталған оқыту стратегиясы. Бұл жаңа идеяларды жинақтап бір-бірімен сабақтастыру үшін қажетті құрылым. Топтастыру «Зат есім» тақырыбына байланысты ой тудыруды күшейту үшін қолданылып отыр.

1. Оқушыларға «Зат есім» тақырыбын бердім.
2. Алдарына дайын ақ қағаз қойылды. Уақыт 5 мин.
3. Зат есім тақырыбы бойынша ойыңызға келген сөздер мен сөз тіркестерін жаза бересіз.
4. Берілген уақыт біткенше жаза береді. Топ идеяларды топтастырып жазады.

2. Кубизм.

Тақырыпты жан-жақты қамтуға мүмкіндік туғызатын оқыту стратегиясы.

Кубиктің алты жағы бар.

1. Суреттеп беріңіз
2. Салыстырыңыз
3. Зерттеңіз
4. Қолданыңыз
5. Болжау
6. Талқылаңыз

1. Суреттеңіз: Мұнда зат есімге тән қандай жалғаулар бар. Көптік, септік, тәуелдік, жіктік жалғаулары туралы пікірін айтады.

2. Салыстырыңыз: Дара зат есім мен күрделі зат есім түрлеріне ажыратып жазады.

3. Зерттеңіз: Зат есім туралы топ оқушыларына өздері білген морфологиялық талдау жұмысы беріледі.

Мысалы: СӨЗДІ - 1) тұлғасына қарай – сөз – негізгі түбір. Себебі, әрі қарай бөлшектеуге келмейді.

2) Құрылысына қарай – дара, себебі бір ғана негізгі түбірден тұр.

3) Сөзде бір лексикалық, екі грамматикалық мағына бар.

4) Лексикалық мағынасы – жалпы ұғымға берілген атау. Бірінші, грамматикалық мағынасы – зат есім, екінші грамматикалық мағынасы – ды, - ді табыс септігінің жалғауы арқылы берілген, тура объектілік мағына.

5) **СӨЗДІ** – нені деген сұраққа жауап береді. Ендеше, бұл зат есім. Заттың, нәрсенің атын білдіріп, кім, не деген сұраққа жауап беретін сөздер зат есім деп аталады.

6) Мағынасына қарай а) жалпы, ә) жансыз, жартылай деректі, нақты.

Қолданыңыз:

Сөздік диктант алу.

Ер Тарғын, Қобыланды батыр, Қыз Жібек, Баян сұлу, Ақсақ Темір, Қожанасыр, Алдар Көсе. Осы сөздердің жазылуын тексеру.

Анықтауыш сөздер кісі есімінен бұрын келсе, кіші әріппен жазылады.

5. Болжау.

Зат есім туралы ойлағанда көз алдыңызға не елестейді? Оқушы қиялы.

6. Қолданыңыз не қарсы шығыңыз.

Мұнда зат есімнің түрлері, жасалу жолдары, мәтінді таба білуі туралы сөз болады. Зат есімнің басты белгілері. Басқа сөз табынан айырмашылығы туралы айт.

- 1) Зат есімнің сөйлем жасауда маңызы бар ма?
- 2) Зат есімнің өзің оқып жүрген көркем әдебиеттегі орны қандай?
- 3) Зат есімнің күнделікті қарым-қатынастағы орнын дәлелде.

Осы айтылған сұрақ бойынша оқушының болжамын тыңдау.

1-топ. 116-жаттығуды ауызша орындату, негізгі және көмекші сөздерді анықтату.

2-топ. 115-жаттығу мәтіннен қайсы жалқы есім, қайсысы жалпы есім екендігін ажыратыңдар⁹.

3-топ. Поэзия минуты. Махамбет өлеңдерінен деректі, дерексіз зат есімдерді табу.

4. Венн диаграммасы.

Бұл қабысып жатқан үш дөңгелектен тұрады. Деректі және дерексіз зат есім туралы білетіндерін өз дөңгелегіне жазады. Ал екеуіне ортақ қасиеттерді ортаға жазады. Әр топ алдындағы қағазға толтырады.

⁹ Ө.Исабаев, С.Исаев, Ж.Даулетбекова, Г.Нишанова. Қазақ тілі. Оқулық. 6-сынып. Ташкент. 2009. 68-бет



5. Еркін жауап стратегиясы.

Бұл стратегияның мақсаты ақпаратты түйіндеп айту. Өз ойын сенімді, қысқа сөзбен қамту. «Бүгінгі сабақтан алған әсерім» деген тақырыпта шағын ой-толғау жаздыру. Еркін жауап. (мағынаны тану)

Тақтаға Отан, денсаулық, ауыл, кітап деген сөздерді ілемін. Әр сөзді өз қалауы бойынша таңдап алады.

- 1). Таңдап алған сөзді құрамына қарай ажырат.
- 2). Неге сен осы сөзді таңдап алдың?
- 3). Не себепті бұл сөз сен үшін маңызды. Оқушылар жазғандарын оқиды.

Оқушылар осы сөзді не үшін таңдап алғандарын қысқаша жазады. Әр сөзді таңдап алған оқушыға сұрақ қойылады.

Топты бағалау және оқушыларды бағалау, қорытынды сабаққа қатысу ынтасы, ойлау қабілеті, білімділігі туралы атап өту.

Үйге тапсырма;

117-118-жаттығуларды берілген шарты бойынша орындау және сөз құрамына қарай талдау жасау¹⁰.

¹⁰ Ә.Исабаев, С.Исаев, Ж.Даулетбекова, Г.Нишанова. Қазақ тілі. Оқулық, 6-сынып. Ташкент. 2009. 69-бет

ҚОРЫТЫНДЫ

Біз қарастырып отырған жұмысымызда оқушыларды морфологиялық талдауға жаттықтыру жұмыстарын қатар қамту мәселелері қарастырылды. Бұл жағдайда мұғалімнің материалды түсіндіру жолындағы әрекетінен шығатын жүйені оқушының ескеруі (сызбаға келтірілуі) ол үшін бағдарламалық бағыт болады.

Біз жоғарыда келтірілген етістіктің морфологиялық ерекшеліктерін оқушының өзінше үйренуі – шәкірт творчествосының көрінісі. Жоғарыда қамтылған әр қилы тұжырымдарды етістік бойынша үш сыныпта осы тәртіппен оқытқан жөн.

Жұмысымыздың кіріспесінде морфологиялық талдаулар жүргізу арқылы оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыру жолдары жөнінде сөз еттік.

Жұмысымыздың бірінші тарауында талдау түрлерінің маңыздылығы мен сөзжасамдық негізде талдану ерекшеліктері қарастырылды.

Сөз құрамын талдау нәтижесінде оқушыға контекстегі жеке сөздің түбірін табуды ұсынамыз. Көп жағдайда ол туынды түбірлі сөз болуы мүмкін. Сонда оқушы оның бірде негізгі түбірін (жұмыс) кейде туынды түбірін (жұмысшы) атайды.

Жұмысымыздың екінші тарауында Сөз таптарының морфологиялық тұрғыдан талдану ерекшеліктеріне тоқталып өттік. Мектеп бағдарламасы бойынша жалпы, жалқы есім, негізгі, туынды зат есімдер, есімдерден зат есім тудыратын, түрлендіретін жұрнақтар, зат есімнің көптелу, тәуелдену, септелу, жай септеу мен тәуелді септеу, зат есімнің емлесі өтілуге тиіс. Оқушы ұғымында бұл түсініктер болған жағдайда біз олармен морфологиялық талдау жасауымыз мүмкін. Сондай-ақ, бұл тарауда сын есім, сан есімнің ерекшеліктерін талдау мәселелері де сөз етілді.

Бұл тарауда есімдерге жататын сөз табы есімдік те қамтылған. Есімдіктің бөлінулері жөнінде қысқаша мағлұмат беріп, олардың ерекшеліктерін көрсетіп өттік. Сондай-ақ, етістіктің сөз табылық ерекшелігін қарастырып, морфологиялық талдау үлгілерін де бердік.

Етістік- лексикалық құрамы мен грамматикалық құрамы жағынан аса күрделі сөз. Қазақ тіліндегі етістік категориясы теориялық жағынан біршама зерттелген, бұл салада бірнеше кандидаттық, докторлық диссертациялар, оқыту методикасына да байланысты диссертациялар қорғалып, профессорлар А.Ысқақов, А. Хасенованың доц. Ы. Мамановтың монография оқулықтарында жан-жақты қамтылды.

Морфологиялық құрамы аса күрделі етістік категориясына арналған бұл бөлімде етістіктің бөлінулері жөнінде қысқаша түсінік бердік. Етістікті сөз табылық негізде морфологиялық талдау төмендегіше:

Сөз табы бойынша : - «Етістік»

- Мағынасына қарай туынды мағына беретін туынды етістік;
- Құрамына қарай-дара етістік (құрамында бір ғана сөз бар);
- Етіс категориясына байланысты етіс, ырықсыз етіс жұрнағы бар етістік;
- жақ категориясы бойынша жіктік жалғауының III жағындағы етістік;
- Шақ категориясы бойынша өткен шақ;
- Рай категориясы бойынша ашық райлы етістік;
- Болымсыз жұрнағының бар-жоқтығына қарай болымды формалы болымды етістік;
- Есімше категориясының белгілері етістікте жоқ;
- Көсемше категориясы белгілері де жоқ.

Оқулықта барлық материалдардың методикалық тұрғыдан толық сараланып берілмеуі жағдайында мұғалім материалдың екінші, үшінші,

төртінші қорынан келіп, ғылыми тұжырымды оқушының өзі жасайтын осындай проблемалық тәсіл қолдануға тиіс.

Соң, морфологиялық талдауға байланысты сабақ үлгісі берілді. Әр тақырыпты өткенде мұғалім қай әдісті тиімді деп есептейді, өйткені ұстаз үшін ең тиімді әдіс жақсы меңгерген, жетік білетін әдісі. Күнделікті сабақта ұстаздар арасынан кеңнен тараған бір әдіс ойын элементтерін пайдалану болып табылады.

Жалпы алғанда, жұмысымызда сөздің морфологиялық ерекшеліктерін талдауда сөз құрамына, есім сөздердің құрамдық және сөз табылық ерекшеліктеріне, етістіктің сөз табылық ерекшеліктеріне талдау жолдары толық көрсетіліп, қорытынды жасалды.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Каримов. И.А. Жоқары мәнауият – жеңилмес күш. Т. 2008
2. Адамбаева Ж. Жаңа ойын ермектері. –Алматы, 1987.
3. Алдамұратов Ә. Оқушылардың грамматикалық ұғымдарды меңгеру психологиясы. –Алматы, 1983.
4. Әлімжанов Д., Маманов Ы. Қазақ тілін оқыту методикасы. –Алматы, 1990.
5. Байтұрсынов А. Тіл тағлымы. –Алматы: Ана-тілі, 1992.
6. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі. –Алматы, 1987.
7. Жұмабаев Ә. Мектепте қиын оқушылар мен жұмыс жүргізу жүйесі. – Алматы: Мектеп, 1971.
8. Исабаев Ә. Қазақ тілінен өтілетін сабақтар. –Ташкент, 1990.
9. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқыту формалары. –Ташкент, 1990.
10. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқыту методикасы. –Ташкент, 2003.
11. Исаев А. Дыбыс жүйесінде өтілетін сабақтар. Қазақ тілі мұғалімдерінің іс-тәжірибесінен жинақ. –Алматы, 1972.
12. Исабаев.Ә., Исаев.С., Даулетбекова.Ж., Нишанова.Г. Қазақ тілі. 6-сынып. Ташкент. 2009.
13. Кәтенбаева Б. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. –Алматы, 1978.
14. Кәтенбаева Б. Морфологияны оқыту методикасы. –Алматы, 1990.
15. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің грамматикасы. –Алматы, 1985.
16. Құлмағамбетова Б., Дүйсенбаева М. т.б. Қазақ тілін оқыту методикасы. –Алматы, 1988.
17. Құрманғалиева С. Қазақ тілін тереңдетіп оқыту. –Алматы, 1985.
18. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі 10 томдық.
19. Мергенбаев Е. Қазақ тіліндегі сөз өзгерім жүйесі. –Алматы, 1994.

- 20.Мейірманқұлова Т. Білім берудегі инновациялық технология. – Алматы, 2005.
- 21.Нұрмаханова Ә. Қазіргі қазақ тілі. –Алматы, 1992.
- 22.Оразанин. К. Абайдан соң. Алматы. 1989.
- 23.Оралбаева Н., Әбдіғалиева Т., Шалабаева Б. Грамматикалық қазақ тілі. –Алматы, 1993.
- 24.Оразханова Н.А., Исаева Ж.Т., Сүлеева С. Қазақ тілі (сөз жасам, морфология). –Алматы: Арыс, 2004.
- 25.Сайранбаев Т. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. –Алматы, 1991.
- 26.Серғалиев М., Айғабылов А., Күлкенова О. Қазіргі қазақ әдеби тілі. – Алматы: Ана-тілі, 1991.
- 27.Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. –Алматы: Мектеп, 1980.
- 28.[www. Ziyonet. Uz](http://www.Ziyonet.Uz)
- 29.dpu-INTERNET. Ped

М А З М Ұ Н Ы

Автордың аннотациясы.....	4-6
Кіріспе.....	7-11

I Т А Р А У

1. Оқушыларға морфологиялық талдауды үйрету жолдары

1.1. Талдау әдістерінің мазмұны.....	12-18
1.2. Оқушыларды сөзжасамдық талдау үлгілеріне жаттықтыру.....	19-27

II Т А Р А У

2. Сөз табына қатысты морфологиялық талдау

2.1. Есім сөздерді морфологиялық талдау ерекшеліктері.....	28-41
2.2. Етістіктің өзіндік ерекшелігін талдау жолдары.....	42-47
2.3. Морфологиялық талдауға байланысты сабақ үлгісі.....	48-54

Қорытынды.....	55-57
----------------	-------

Пайдаланған әдебиеттер.....	58-59
-----------------------------	-------